

Азаматтардың Солтүстік Қазақстан облысының су көздеріндегі міндетті қауіпсіздік ережелері туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық Мәслихатының XIX сессиясының Шешімі N 19/5 30.10.1998 ж. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 ж .12.09. N 40 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2009 жылғы 19 маусымдағы N 16/16 Шешімі

Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2009.06.19. N 16/16 Шешімі

Ұсынылған материалдарды қарай келіп, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы" Z934100 Заңының 40 және 41-баптарына сәйкес облыстық мәслихат ш е ш і м е т т і :

1. "Азаматтардың Солтүстік Қазақстан облысының су көздеріндегі міндетті қауіпсіздік ережелері /1 қосымша/ бекітілсін және олар әділет органдарында тіркелген сәттен бастап қолданылатын болсын.

2. "Азаматтардың Солтүстік Қазақстан облысының су көздеріндегі міндетті қауіпсіздік ережелерін" бұзушылық туралы хаттама-қаулының" үлгісі бекітілсін / 2 қ о с ы м ш а / .

3. Облыс әкімі су көздерін және су нысандарын пайдаланудың қолданылып жүрген қағидаларын, шешімдерін және басқа нормативтік актілерін, реттейтін ережелерін бекітілген "Азаматтардың Солтүстік Қазақстан облысының су көздеріндегі міндетті қауіпсіздік ережелеріне" бір ай ішінде сәйкес келтіретін б о л с ы н .

4. Аудандар және Көкшетау, Петропавл қалалары әкімдерінің әкімшілік комиссиялары облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқарманың және судан құтқару қызметінің бөлімшелері өкілінің ұсынуы бойынша "Азаматтардың Солтүстік Қазақстан облысының су көздеріндегі міндетті қауіпсіздік ережелерінің" баптарын бұзған кінәлілерді жауапқа тартатын болсын.

Облыстық мәслихаттың XIX сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

N 1 қосымша Солтүстік Қазақстан
облыстық Мәслихатының 1998 жылғы
30 қазандағы 19/5 шешімімен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысының су қоймаларында азаматтарды сақтандырудың міндетті ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы міндетті Ережелер /одан әрі Ережелер/ Солтүстік Қазақстан Облысының су қоймаларын бұқаралық демалыс, туризм және спорт мақсаттарына пайдалану тәртібін белгілейді.

1.2. Ережелер меншік түрлеріне қарамастан су қоймаларын пайдаланушылар мен иеленушілердің азаматтардың судан сақтануын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

1.3. Жергілікті атқарушы органдар азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында суға шомылуға, қайықпен серуендеуге және бұқаралық демалыстың басқа түрлерін ұйымдастыруға тыйым салынатын орындарды айқындайды, сондай-ақ өздерінің әкімшілік шекарасы шеңберінде орналасқан су қоймаларын жалпы пайдаланудың басқа да шарттарын белгілейді.

1.4. Су қоймаларының жағасында орналасқан құтқару күзеттері, дайындықтан өткен құтқарушы кадрлары, арнаулы жабдықтары және төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық басқарманың, облыстық судан құтқару қызметінің /одан әрі облсукұтқару/ және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың облыстық басқармасы бөлімшесінің тиісті рұқсаты болмайынша жағажай, еңбек және демалыс лагерлерін, базаларын, су стансаларын және басқа бұқаралық демалыс объектілерін ашуға тыйым салынады. Қойылған талаптарды сақтамай жағажайлар, еңбек және демалыс лагерьлерін, базаларын, су стансалары мен басқа да бұқаралық демалыс объектілерін ашқаны үшін азаматтарға 5 /бес/ айлық есептік көрсеткіштер көлемінде, лауазымды адамдарға 5 /бес/-тен 10 /он/-ға дейінгі және заңды тұлғаларға 50 /елу/-ден 100 /жүз/-ге дейінгі есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

1.5. Меншіктің барлық түріндегі ұйымдар өздеріне бекітілген су қоймаларында адам өмірін қорғауды қамтамасыз ету, құтқару күзеттерін жабдыктандыру мен ұстау ісіне жауап береді. Құтқарушыларды үйретуді суқоймаларын иеленушілер мен пайдаланушылардың қаражаттары есебінен төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық басқарма немесе облсукұтқару қызметі жүзеге асырады.

1.6. Суда экскурсия, спорт жарыстарын және мейрамдар өткізген кезде аталған шараларды өткізетін ұйымдардың басшылары суда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты адамдар болуға және құтқару күзеттерін қоюға міндетті.

1.7. Құтқару күзеттерін жұмысына бақылау жасау осы күзеттер қарайтын су

қоймаларын иеленушілер мен пайдаланушыларға жүктеледі.

1.8. Су маңындағы жағажайларда, көпшілік демалатын орындарда, жалға қайық беретін стансаларда және шағын кемелердің тұрақ базаларында, өткелдер мен айлақтарда аталған ғимараттар мен жүзу жабдықтарын пайдаланған кезде қауіпсіздік сақтау ережелері ілінуі тиіс.

1.9. Меншіктің барлық түріндегі ұйымдардың басшылары халық демалатын орындарда топырақ алу, мұз ою су қоймаларының түбін тереңдету жұмыстарын жүргізген кезде жұмыстар жүргізілетін учаскелерді қоршауға алуға, ал жұмыс аяқталғаннан кейін су табанын тегістеуге міндетті.

1.10. Суға түсу маусымының ұзақтығы, су спорты және құтқару стансаларының, жағажайлардың жұмыс сағаты жергілікті атқару органдары осы нысандар бағынатын ұйымдар басшылармен келісе отырып белгіленеді.

1.11. Су қоймаларының бетінде жеке дара құтқару жабдығынсыз балық және аңдар аулауға тыйым салынады. Су қоймаларының бетінде жеке дара құтқару құралдарынсыз балық және аң аулағаны үшін азаматтарға 5 /бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

2. Жағажайларды және су жағасындағы бұқаралық демалыс орындарын пайдалану кезіндегі сақтандыру шаралары

2.1. Жағажайларға бөлінген және су жағасында көпшілік демалуына арналған орындарға қойылатын талаптар: суға шомылатын орынның және оған тақау төңіректің жағалау аймағы "Елді мекендер аумағын күтіп ұстаудың санитарлық ережелеріне" және "Дене тәрбиесі мен спорт сабақтарын өткізетін орындарды құру мен күтіп ұстаудың санитарлық ережелеріне" сәйкес келуі тиіс: су қоймасының түбі тығыз, жағадан еңістене түсіп және жағадан бастап алғандағы алқабының кеңдігі 15 м. болып, 1, 75 м. тереңдікке дейін жарқабақсыз болып келуі, шырмауықты су өсімдіктерінен, ағаш түбіртегінен, таскесектерден, шыныдан, шыны құтылардан және өзге заттардан тазартылуға тиіс /көлдің, өзеннің суға шомылатын айдын беті бір ересек адамға 5 шаршы м., балаға 4 шаршы м., ал тұйық су қоймасында 10-нан 15 шаршы метрге дейін келуі керек/: жағажайлар мен бұқаралық демалатын орындар жергілікті атқару органдары белгілеген қашықтықта, бірақ ақпа сулар шығатын тұстан кемі 500 м. жоғары және порт ғимараттарынан, пирстерден, кеме тоқтайтын жерлерден, паром өткелдерінен және мұнай өнімдері сақталатын орындардан кемі 1000 м. төмен орналасуы керек. Жағажайға түсетін жер жайпақ болуға тиіс: су нысанының шомылуға бөлінген аумағында төмен температуралы жер асты су көздері, су иірімдері мен шұңқырлар болмауы керек, ағынның жылдамдығы секундына 0,5 м /сек-тан аспауға тиіс: су қоймасындағы судың сапасы суды пайдаланудың мәдени-тұрмыстық пункттеріне қойылатын құрамы мен қасиеттерінің санитарлық талаптарына сәйкес болуға тиіс.

2.2. Суға шомылатын орындарда 1,2-1,3 м. тереңдікте су өлшейтін шыбық шаншылады. Су шомылатын орынның жүзу шекаралары бір-бірінен 25-30 м. қашықтықта орналасқан және тереңдігі 1,3 м. болатын 25 метр қашықтыққа дейін сарғылтым түсті белгілермен белгіленеді.

2.3. Әр жағажайдағы шомылу орындарында жүзе білмейтіндер шомылуға және балаларды жүзе білуге үйретуге арналған су бетінде тереңдігі 1,2 м-ден аспайтын учаскелер жабдыкталуға тиіс.

2.4. Суға түсуге тыйым салынған, соның ішінде бактериялық немесе химиялық залалға ұшыраған жерлерге "Суға түсуге тыйым салынады" деп жазылған белгілер орнатылады. "Суға түсуге тыйым салынады" деген тыйым белгілерін шомылуға тыйым салынған жерлерге, соның ішінде бактериялды немесе химиялық ластанған жерлерге қоймағаны үшін, - азаматтарға 5/бес/-ке дейінгі, лауазымды және заңды тұлғаларға 10/он/-нан 20/жиырма/-ға дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

2.5. Жағажайлар мен су маңындағы демалыс орындарында радио торабы жүргізулі және, мүмкіндігіне қарай, телефон, радио байланысы болуға тиіс.

2.6. Су маңындағы көпшілік демалатын орындарда спиртті ішімдіктер сатуға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Су маңындағы көпшілік демалатын орындарда спиртті ішімдіктер сатқаны үшін азаматтарға 5 /бес/-ке дейінгі, лауазымды және заңды тұлғаларға -10/он/-нан 20/жиырма/-ға дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде спиртті ішімдіктерін тәркілей отырып айыппұл салынады.

2.7. Жағада, ұйымдасқан шомылу орындарында, әр 50 м. сайын судан 5 м. аспайтын жерлерде құтқарғыш шеңберлер мен өзге құтқару құралдары ілінген қалқандар қойылады. Шеңберлерде "Суға батып бара жатқандарға лақтыр" деген сөз/ шеңбердің бірінші бетінде/ және жағажайдың аты/ шеңбердің екінші бетінде/ ж а з ы л у ы к е р е к .

2.8. Жағажайларда және су маңындағы көпшілік демалатын орындарда міндетті түрде алғашқы жедел дәрігерлік жәрдем көрсету үшін тұрақты кезекші қызметкерлері бар бөлмелер жабдықталады. Алғашқы дәрігерлік жәрдем пункті суда апатқа ұшырағандарға және жарақат алғандарға жәрдем көрсетуге қажетті құралдармен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуі тиіс.

2.9. Қалқымалар стенділерін және белгілерді уақытылы орнату жауапкершілігі су қоймаларын иеленушілер мен пайдаланушыларға жүктеледі және солардың қаржылары есебінен орнатылады.

2.10. Әр жағажайда ол жұмыс істеп тұрған уақытта тәртіпті қадағалайтын жағажай әкімшілігінің өкілі болуы керек. 12 жасқа дейінгі, балалар жағажайға тек ересектермен бірге және олардың бақылауда ұстауы бойынша жіберіледі.

2.11. Суға түсетін орындарда және ағыстан 500 м. жоғары тұстарда кір жууға,

жануарларды шомылдыруға тыйым салынады. 2.12. Суға түсушілерге: - қалқымалармен қоршаудан әрі жүзуге; - моторлы, желкенді және өздігінен жүрмейтін кемелерге, ескекті қайықтарға, баржаларға, сутаспаларға және басқа жүзу құралдарына жақындап жүзуге; - қайықтан, катерден, су велосипедінен, тұрақ және сол мақсаттар үшін арнайы жабдықталмаған құрылыстардан суға секіруге; - мас күйде суға түсіп, шомылуға; - тақтаймен, бөренемен, жатпамен, автомашина доңғалағының резеңкесімен, доппен және т.б. жүзуге; - суда сүңгіп, шомылушыларды тартып әкететін ойын ойнауға; - жағажайға иттерді және басқа да жануарларды әкелуге; - су қоймаларын ластауға, қоқыстауға; - жағада қағаз, қалбыр, шыны және өзге қоқыстарды қалдыруға қатаң тыйым салынады;

- аталған талаптарды орындамағаны үшін азаматтарға 5/бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

2.13. Жүзу сабақтары арнайы бөлінген орындарда ғана өткізілуі тиіс. Суда адам қауіпсіздігін ұйымдастыруға сабақ не жаттығу өткізуші оқытушы / нұсқаушы, банкир, тәрбиеші/ жауап береді.

2.14. Топ болып жүзеге үйрену кезінде бір уақытта үйренушілердің саны 10 адамнан аспауы керек. Үйренушілер тобына, оқытушыдан басқа, құтқарушы мен медицина қызметкері үнемі бақылау жасауы тиіс.

2.15. Судағы спорт түрлерімен шұғылданушылардың барлығы құтқару әдістеріне және зардап шегушілерге дәрігер келгенше жәрдем көрсетуге дағдылануы керек.

2.16. Биіктігі 3 м. және одан да жоғарыдан суға секіретін мұнаралар алаңшасына шығу нұсқаушының /бапкер/ рұқсатымен және олардың көзінше жүргізіледі.

2.17. Жыл сайын суға түсу маусымы басталар алдында, сонан соң айына кемі бір рет адамдар шомылуға арналған су айдынының табанын сүңгуіршілер тексеріп шығып, көлденең заттардан тазартылуы керек. Су табанын тексеру және тазарту жұмыстарын ұйымдастыру жағажай иегеріне немесе су қоймасы бекітілген иеленушілер мен пайдаланушыларға жүктеледі.

Су айдынын тексеру және тазарту жұмысын сүңгуіршілер суда құтқару қызметінің облыстық бөлімшелерімен жасасқан келісім-шарттарға сәйкес жүргізіледі.

Жұмыс аяқталғаннан кейін тапсырыс берушіге жағажай құжаты табыс етіледі.

Тиіс дәрежеде ресімделген құжаттары жоқ жағажай тексерілмеген адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп есептеледі, ал оларды пайдалануға жол берілмейді. Қойылған талаптарды орындамаған үшін азаматтарға 5/бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде, лауазымды адамдардан 5/бес/-тен

10/он/-ға дейінгі және заңды тұлғалардан 50/елу/-ден 100/жүз/-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

3. Балаларды судан сақтандыруды қамтамасыз ету шаралары

3.1. Балаларды судан сақтандыруды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді және оған мынандай алдын алу-түсінік шаралар кешенін өткізу арқылы қол жеткізіледі, соның ішінде:

- суға түсетін жерлерді дұрыс таңдау;
- балаларды жүзуге үйрететін су айдыны учаскелері мен жағажайларды ж а б д ы қ т а у ;

- ведомстволық құтқарушы күзет орындары мен медициналық пункттер ашу;
- балаларды суда жүзуге үйрететін сабақтар ұйымдастыру;
- суда өзін-өзі ұстау және су нысандарын пайдалану кезінде сақтық шараларын сақтау тәртібі туралы түсінік жұмысын жүйелі жүргізу.

3.2. Мектеп лагері, балалар мекемесі жағажайларындағы суға түсетін жерлерде 9 жасқа дейінгі балаларды суға түсіріп, жүзуге үйрету үшін тереңдігі 0,7 м. аспайтын, сондай-ақ 9-11 жастағы және жүзе білмейтін ересек балаларға тереңдігі 1.2 м-ден аспайтын су учаскелері жасалуы керек.

9 жасқа дейінгі балалардың шомылуына арналған учаскелер су бетіне шығып тұратын биіктігі кемі 80 см. келетін қоршаумен қоршалады, ал ересек балалар үшін темір арқанға бекітілген қалтқы желімен тартылып тасталады.

Тереңдігі 2 м. дейін баратын жерлерде жасы 12-ден асқан, жақсы жүзе білетін балаларға шомылуға рұқсат етіледі.

Бұл тереңдіктер бір-біріне 25-30 м. қашықтықта орналасқан белгілермен қ о р ш а л а д ы .

3.3. Мектеп лагерінің, балалар мекемесінің жағажайы белгіленген санитарлық талаптарға жауап беріп, жабдықтандырып, жаға жағынан шарбақ қашамен қоршалып, көлеңкелі қалқалармен жабдықталуы керек.

3.4. Балалар жағажайын ашуға жергілікті әкімшілік құрған арнайы комиссияның облсукұтқарудың суда құтқару өкілінің қатысуымен тексеру жүргізілгеннен кейін рұқсат етіледі.

Тексерілгені жөнінде арнайы акт жасалады.

Арнаулы актісіз балалар жағажайын ашқаны үшін-азаматтарға 5/бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіш, лауазымды адамдарға 5/бес/-тен 10/он/-ға дейінгі және заңды тұлғаларға 50/елу/-ден 100/жүз/-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

3.5. Суға шомылу кезіндегі балаларды судан сақтандыру жауапкершілігі жүзу жөніндегі нұсқаушыға жүктеледі.

3.6. Балалардың 10 адамнан аспайтын топ болып, ұзақтығы 10 минуттай суға шомылуына жүзе білетін ересектердің бақылауымен рұқсат етіледі.

3.7. Жүзе білмейтін балалар суға жүзе білетін балалардан бөлек түсуі керек. Мұндай балалардың шомылуын балалар лагерінің не мекемесінің жетекшісі ұйымдастырып, бақылау жасайды.

3.8. Шомылу медицина қызметкерінің және жүзе білетін, суда апатқа ұшырағандарға жәрдем көрсете алатын адамдардың бақылауымен ұйымдастырылады. Шомылуға әдістемелік басшылықты жүзу нұсқаушысы жасайды.

3.9. Сабақтар жүргізу ыңғайлы болуы үшін жағалаудың суға еніп жатқан тұсынан қоршалып, алаң жасалады.

3.10. Балалар суға түсіп жатқанда бүкіл жағажай аумағында бөгде адамдардың жүруіне, шомылуына және қайықпен, катермен серуендеуге, спорт ойындары мен шараларын өткізуге тыйым салынады.

3.11. Жорық, серуен және экскурсия кездерінде балалардың шомылуы үшін таяз, түбі жайпақ, дінгек, түбіртек, қарлы тас, балдыр мен тұнбадан таза тұстар таңдап алынады.

Шомылатын жерлерді жүзе, сүңги білетін, құтқару және алғашқы жәрдем көрсету әдістерін меңгерген ересектер іздестіреді.

Шомылатын жерден шекарасы қайқылармен, айғақтармен, сырықпен және өзге де арнайы нәрселермен белгіленіп қойылады.

Шомылу ересектердің бақылаумен сақтық шараларын мейлінше сақтай отырып жүргізіледі.

3.12. Қайықпен, катермен серуендеу ересектердің басшылығымен өтеді. Катер мен моторлы қайықтарды жүргізуге жүзу құралдарын жеке дара басқаруға берілген арнайы құқы бар адамдар ғана жіберіледі.

3.13. Тыйым салынады:

- катерге, қайыққа белгіленген нормадан артық отыруға;
- ересектердің қамқорлығынсыз 16-жасқа дейінгі балаларды серуендетуге;
- 7 жасқа толмаған балаларды серуендетуге;
- қайықтан суға секіруге және шомылуға;
- катер, қайық жүріп келе жатқанда оның жиегіне отыруға, орын ауыстыруға, басқа жүзу құралдарына ауысып отыруға болмайды.

Катерлер мен қайықтар ақаусыз болуы керек, құтқару құралдарының толық жабдығы, өзге жабдықтар мен мүкәммалдар болуға тиіс.

Жоғарыда айтылған талаптарды орындамағаны үшін азаматтардан 5/бес/-ке дейінгі, лауазымды адамдардан 5/бес/-тен 10/он/-ға дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл алынады.

4. Су өткелдерін пайдалану кезіндегі сақтандыру шаралары

4.1. Су өткелдерінен өтуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы ұйым рұқсат береді, ол өткелден өту тәртібін, сондай-ақ жұмыс уақыты мен сағатын

б е л г і л е й д і .

4.2. Тасымал аймағы, паром және тасымалдау катері құтқару құралдарымен жабдықталуы керек. Күннің қараңғы мезгілдерінде оларда белгі оттар жағылуы т и і с :

- тасымал айлағын, паромды, тасымалдау катерін жарақтандыру және оларға жарық түсіру ережесін бұзғаны үшін азаматтарға 5/бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіштер, лауазымды адамдарға 5/бес/-тен 10/он/-ға, заңды тұлғаларға 10/он/-нан 20/жиырма/-ға дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл с а л ы н а д ы .

4.3. Өткелдің әр аймағында суға батқандарға алғашқы жәрдем көрсете алатын кезекші және құтқарушы шеңбер, құтқарушы жіп, сырық бар құтқарушы шлюпка / қ а й ы қ / т ұ р у ы т и і с .

Жоғарыда айтылған талаптарды сақтамаған үшін лауазымды адамдарға 5/бес/-тен 10/он/-ға дейінгі заңды тұлғаларға 10/он/-нан 20 /жиырма/-ға дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

4.4. Өткел аймағы берік таяныштармен жабдықталады. Оған түсетін жер ж а й п а қ б о л у ы к е р е к .

4.5. Жолаушылар мен машиналарды аймаққа жіберуді, сондай-ақ түсіруді өткел ә к і м ш і л і г і жү р г і з е д і .

4.6. Өткел аймақтарында /өзеннің екі жағында/ көрнекі жерге өткелдің кімге қарайтыны және оған жауаптылар, өткелдің жұмыс істеу уақыты мен тәртібі туралы ақпараттары бар сілтемелер ілінуге тиіс.

Жоғарыда айтылған талаптарды орындамағаны үшін лауазымды 5/бес/-тен 10 /он/-ға, және жеке тұлғаларға 10/он/-нан 20/жиырма/-ға дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

4 . 7 . Т ы й ы м с а л ы н а д ы :

- паромдарға, моторлы және ескекті қайықтарға жақындап жүзіп келуге;
- айлақтардан, паромдардан, катерлерден, қайықтардан, шлюпкалардан суға с е к і р у г е ;

- катерлер мен қайықтарда тәртіп ережелерін бұзуға;
- мас күйінде жүзу құралдарын басқаруға;
- паромдарға, катерлерге, шлюпкаларға, қайықтарға артық жүк алуға;
- пароммен тасымалдауға, катер келе жатқанда жолаушыларды алмастыруға;
- жолаушыларды құтқару құралдарынсыз тасымалдауға тыйым салынады.

Жоғарыда айтылған талаптарды орындамағаны үшін азаматтардан 5/бес/-ке дейін, лауазымды адамдардан 10/он/-нан 20/жиырма/-ға дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл алынады.

5. Мұз үстімен өтуді пайдалану кезіндегі сақтандыру шаралары

5.1. Қыс басында, қыс аяғында мұз өткелдерін ашу және жабу уақытын, сондай-ақ оның тәуліктік жұмыс кестесін, өткелге жауапты ұйымның, ауа райы қызметінің, ішкі істер органдары, суда құтқару қызметтерінің және өзге де ынталы ұйымдардың өкілдері: бар жергілікті әкімшілік тағайындайтын арнаулы комиссия белгілейді.

5.2. Өзен және су қоймалары үстімен адам және жүк тасымалдаумен айналысатын ұйымдар мұз ұстасқаннан кейін мұз үстінде жаяу, авто және көлік өтетін жол салады, қажетті құтқару жабдығы мен мүкәммалы бар ведомстволық құтқару күзеттерін құрады.

Жоғарыда айтылған талаптарды орындамағаны үшін лауазымды адамдар 10 /он/-нан 20/жиырма/-ға дейінгі және заңды тұлғалар 50 /елу/-ден 100 /жүз/-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл төлейді.

5.3. Өткел үшін бөлінген орындар мына шарттарға сай болуы керек:

- өткелге апаратын жолдар мен еңістер абаттандырылуы тиіс;
- өткелдің екі бетінде, оның ұзын бойынан есептегенде 20 м. жерде мұздың қатқақтануына және су деңгейінің аса көтерілуіне берілмейді;
- өткел бойының мұзы басынан аяғына мұзы басынан аяғына дейін шыңылтыр қатты, әрі қалыңдығы біркелкі болуы тиіс;
- өткел ауданында /одан оң және сол жаққа 100 м. дейінгі жерде /жер асты жылы суы және қайнар су және қайнар су көзі бастау, бұлақ/, сондай-ақ мұз алаңында ойық жылым болмауы керек;
- автокөлік өтетін даңғылмен біржақты қозғалысқа арналған, қарсы жүру үшін алдыңғы жолмен қатарластыра одан 40-50 м. аралықта дербес жол салынады.

5.4. Өткелдерде кәсіптік балық аулау үшін ау салуға балық аулайтын және басқа мақсаттарға арналған ойық жасауға, сондай-ақ тексерілмеген және күзет қойылмаған тұстардан өтуге қатаң тыйым салынады.

Жоғарыда айтылған талаптарды сақтамаған азаматтарға және лауазымды адамдарға 5/бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

5.5. Көлік қозғалысының тәртібін, жүк және жолаушы тасымалы нормасын, ауа райы қызметінің мұз құрсауы болжамдарын, мұз көтеретін салмақтың жоғары шегінің кестелерін ескере отырып өткел әкімшілігі белгілейді.

5.6. Өткелдердің жабдықталуы және күтім:

- өткелге бөлінген тұстың шекарасы бір-біріне 25-30 м. қашықтықта орналасқан сайғақтармен белгіленеді;
- сайғақтарға қызыл жалау, сыпырғыш, сіпсебас немесе шөп шудасы ілінеді;
- өткелде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мұз үстіндегі апат жағдайында көмек көрсетуге қабілетті теңізші-құтқарушылармен жасақталған

ведомстволық құтқару күзеті қойылады;
- өткелде тәулік бойы кезекшілер болуы керек;
- өткел аузына осы өткел бойынша өтуге құқылы, жүк көтеру қабілеті және жүру жылдамдығы, мұз үстінде ұстау ережелері мейлінше ескерілген, көлік түрлері туралы ақпарат жазылған арнаулы қалқан, сондай-ақ көлікті басып озуға және тоқтауға тыйым салынатын белгілер қойылады;
- жағадан өткелге баратын жолдарға және өткелге жарық түсіп тұруы керек;
- қозғалыс үшін қауіпті орындарда, әсіресе елді мекендер маңында, ойық, жылым т.б. тұсында ең көрнекі жерлерге "Мұз үстімен өтуге, көлікпен жүруге рұқсат етіледі" және "Мұз үстімен өтуге, көлікпен жүруге тыйым салынады" деп жазылған ескертпе белгілер қойылады;
- су қоймасының өткелге түсер аузының екі бетіне құтқару шеңберлері, арқан, құтқару сатылары мен тақтайлары ілінген қалқандар қойылады. Оның әрқайсысына "Суға батып бара жатқандарға лақтыр" деп жазылады. Қалқанның жанында мұз ойылып кеткен жағдайда көмек көрсету үшін ұзындығы 5-6 м. диаметрі 10-12 см. бөрене жатуы керек:
- күн сайын таңертең және кешкілік, ал жылымық күндері күндізгі уақытта да мұздың қалыңдығы өлшеніп, оның бүкіл жол бойындағы, әсіресе ағыны қатты ойығы терең тұстардағы құрылымы анықталады;
- мұздың еруі жүк көтеру қабілетінің азаюын болдырмау үшін мұз жолының көлік өтетін тұсы үнемі қардан тазартылып, ал кірме жолға дүркін-дүркін күл мен қиыршық тастар төселінеді. Өткелдері жабдықтау мен ұстау ережелерін сақтамағаны үшін лауазымды адамдарға 10/он/-нан 20/жиырма/-ға дейін және заңды тұлғаларға 50/елу/-ден 100/жүз/-дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

6. Мұз айдынын және ойын алаңдарын жабдықтау

6.1. Мұз қатқан су қоймаларына және ойын алаңдарын мұз айдынын жабдықтау кезінде тереңдігі 100-120 см-ден аспайтын тұстар таңдап алынады. Сырғанақ /ойын алаңы/ алаңындағы мұздың қалыңдығы 25 см-ден кем болмауы керек.

6.2. Мұз айдыны аумағы сайғақтармен қоршалады. Мұз айдыны маңына құтқару құралдары /арқан, тақтай, саты, т.б./ ілінген қалқан орнатылады.

6.3. Мұз айдынында тұрақты кезекшілік ұйымдастырылады.

6.4. Мұз айдыны мен ойын алаңдарын: - өндіріс орындарының ағын суы құйылатын мұз айдыны маңында; - ағысы қатты жерлерде; - суға малына қатқан заттар, қамыс, құрақ, т.б. бар учаскелерін; - жылым, бұлақ, бастау және ойық маңында; - мұз астынан балық аулайтын, мұз ойылатын су қоймалары учаскелерде; - көпір астында, бұрылыстарда және қылта жерлерде жабдықтауда тыйым салынады.

7. Мұз үстінде сақтандырудың жалпы шаралары

7.1. Мұз басқан су қоймаларын арнаулы мұз өткелдері /жаяулар мен автокөлікке арналған/ жасалған тұстардан ғана өтуге рұқсат етіледі. Мұндай өткелдер жоқ жерлерден өтерде алдымен ол жердегі мұздың беріктігіне көз жеткізіп алу керек. Мұздың беріктігін ағаш келтекті сүйменмен шұқып байқаған жөн, қатты ұстасқан мұз 2-3 соққыдан соң ғана ойыла бастайды. **МҰЗДЫҢ БЕРІКТІГІН ӨКШЕМЕН СОҚҚЫЛАП БАЙҚАУҒА ҚАТАҢ ТЫЙЫМ С А Л Ы Н А Д Ы**

7.2. Жұқа мұз үстімен жүруге, мұзы шытынаған тұстарға жақындауға, жұқа мұз үстіне жағадан шаңғымен, шанамен, конькимен сырғанап түсуге болмайды. Мұз жүріп жатқан кезде мұз сынықтарында сырғанауға немесе олар арқылы арғы бетке өтуге, сондай-ақ мұз бетіне ой-шұқыры беймәлім тұстардан, әсіресе жарғабақтан түсуге болмайды.

7.3. Өзенде /су қоймасында/ тыйым салынған мұз үстімен және қауіпті тұстардан өтуге рұқсат етілмейді. Ескертпе қалқандарға мұқият қарап отыру к е р е к .

Қызыл су жүргенде мұз үстіне шығуға қатаң тыйым салынады.

8. Жүзу құралдарын жалға беретін стансаларын /пункттерін/ құру, ұстау және пайдалану ережелері

8.1. Жүзу құралдарын жалға беретін стансаларды /пункттерді/ құруға және пайдалануға беруге облсукұтқару мен мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының арнайы келісімі бойынша жергілікті атқару ұйымының р ұ қ с а т ы м е н б е р і л е д і .

Арнаулы жүзу құралдарын жалға беретін стансалардың рұқсатынсыз /пункттер/ құрғаны және пайдалануға бергені үшін азаматтарға 5/бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіші, лауазымды адамдарға 10/он/-нан 20/жиырма/-ға дейінгі және заңды тұлғаларға 50/елу/-ден 100/жүз/-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

8.2. Қайық тұратын аймақ құтқару шеңберлерімен /аймақ желісінің бір шеңбері 10 м./, басқа да құтқару құралдарымен және өрт сөндіру жарақтарымен ж а б д ы қ т а л у ғ а т и і с .

Қайық айлағына қойылатын талаптарды бұзған лауазымды адамдар 10/он/-нан 20 /жиырма/-ға дейінгі және заңды тұлғалар-50/елу/-ден 100/жүз/-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл төлейді.

8.3. Жалға беру пунктінің су айдыны қалқыма белгілермен белгіленуге тиіс, жалға беру орнының жүзу құралдарымен оның арғы жағына шығуға тыйым с а л ы н а д ы .

Жалға беру пунктінің су айдынын қалқыма белгілермен белгілемегені үшін азаматтарға 5/бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіші, лауазымды адамдарға 10/

он/-нан 20 /жиырма/-ға дейінгі және заңды тұлғаларға 50/елу/-ден 100/жүз/-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

8.4. Әрбір жалға беру стансасы жанынан құтқарушы керек-жарақтар мен жасақшы-құтқарушылары, сондай-ақ радио-хабарын тарататын қондырғысы бар кезекші қайығы бар құтқарушы күзет құрылады.

Жоғарыда айтылған талаптарды орындамаған азаматтардан - 5/бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіші, лауазымды адамдардан 10/он/-нан 20/жиырма/-ға дейінгі және жеке тұлғалардан 50/елу/-ден 100/жүз/-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл алынады.

8.5. Жалға берілетін қайықтардың міндетті түрде ақаусыз, ілмектер жиынтығы ескектері, айлақта тоқтайтын орны, су алатын ожауы мен құтқарушы керек - жарақтары болуға тиіс.

Жалға берілетін қайықтарға қойылатын талаптарды орындамағаны үшін азаматтарға 5/бес/-ке дейінгі айлық есептік көрсеткіші, лауазымды адамдарға 10/он/-нан 20/жиырма/-ға дейінгі және жеке тұлғаларға 50/елу/-ден 100/жүз/-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіштер көлемінде айыппұл салынады.

8.6. Стансалардың кассалары мен демалушыларға арналған орындықтар жағада болуға тиіс. Отырғызу және қайықтардан түсіру орындары олар күтіп тұратын жерден оқшауланады, отырғызу және түсіру жалға беруші стансаның құтқарушысының бақылауымен жүргізіледі.

9. Топырақты шығару жұмыстары жүргізу кезінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар

9.1. Өзенге, көлге және басқа су объектілеріне жақын жерде, әсіресе адамдар жаппай суға шомылатын орындарда топырақ шығару жөнінде жұмыстарды жүргізу жергілікті атқару органымен, төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық басқармамен, өзен флотының тиісті бөлімшелерімен, облсуқұтқару қызметімен және басқа да мүдделі ұйымдармен келісуге тиіс.

9.2. Су толған қазаншұңқырлар маңындағы адамдарды сақтандыруды қамтамасыз ету жұмыс аяқталғанша топырақ шығаруды жүргізуші ұйымның б а с ш ы с ы н а ж ү к т е л е д і .

9.3. Су толған қазаншұңқырлардан топырақ шақыру жұмысы аяқталғаннан кейін жағалаудан 1,7 м. тереңдікке дейінгі су табанын тегістеу жүргізіледі. Көпшілік демалатын орындардағы шағын қазаншұңқырлар топырақ шығарулар жүргізген кәсіпорын, ұйым тарапынан бітелуі /тегістелуі/ керек.

10. Судан сақтандыру белгілерінің сипаттамасы

10.1. Судан сақтандыру белгілері су нысандары жағалауына су жиегінде және суда жүрген азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында орнатылады.

10.2. Белгілердің әр тұсы кем дегенде 50х60 см. тікбұрыш пішінді болып келеді және ағаш тақтайдан, қалың фанерден, металл тілсемнен немесе басқа да

берік нәрседен жасалады. Белгілер көрнекі жерлерге қойылады және жерге орнатылған бағаналарға /ағаш, металл, темірбетон, т.б./ бекітіледі. Бағаналардың жер бетінен биіктігі 2,5 кем болмауы керек.

10.3. Белгілерге жазу қара немесе ақ бояумен түсіріледі.

10.4. Судан сақтандыру белгілерінің сипаттамасы: NN Белгідегі жазу Белгінің жалпы түрі 1 2 3 1 Суға түсетін орын /метрмен Жасыл қоршауға алынады. өлшегендегі шекарасы Жазу бетіне жазылады. көрсетіледі/ Төменде жүзіп келе жатқан адам бейнесі, белгі ақ бағанға бекітіледі. 2. Балалар суға түсетін орын Жасыл қоршауға алынады /метрмен өлшегендегі шекарасы Жазу бетіне жазылады. көрсетіледі/ Төменде ішінде тұрған екі баланың бейнесі. Белгі ақ бағанға бекітіледі. 3. Жануарлар суға түсетін тыйым Жасыл қоршауға алынады. салынады /метрмен өлшегендегі Жазу бетіне жазылады. шекарасы көрсетіледі/ Төменде жүзіп келе жатқан ит бейнесі. Белгі ақ бағанға бекітіледі. 4. Суға түсуге тыйым салынады Қызыл қоршауға алынады. /метрмен өлшегендегі Жазу бетіне жазылады, шекарасы көрсетіледі/ төменде жүзіп келе жатқан адам бейнесі. Бейне жоғарыдағы сол бұрыштан бастап қызыл белдеумен айқара сызылады. Белгі қызыл бағанға бекітіледі. 5. Сүнгуге тыйым салынады. Қызыл қоршауға алынады . Жазу бетіне жазылады, жүзіп бара жатқан адам бейнесі, бейне жоғарыдағы сол бұрыштан бастап қызыл белдеумен айқара сызылады. Белгі қызыл бағанға бекітіледі. 6. Жүзу құралдарымен жүруіне Қызыл қоршауға алынады. Жазу тыйым салынады. бетіне жазылады, төменде моторлы шағын кеме бейнесі, бейне жоғарыдағы сол бұрыштан бастап қызыл белдеумен айқара сызылады. Жүзу бейнесі. Жағажайдың бетін қоршайтын белгілермен қатар қойылады. 7. Мұз үстімен жүруге болады. Тұтастай жасылмен боялады. Жазу ортасында, ақ түсті. Белгі ақ бағанға орнатылады. 8. Мұз үстімен жүруге тыйым Тұтастай қызыл түске боялады. салынады. Жазу ортасында, ақ түсті. Белгі қызыл бағанға орнатылады.

11. Солтүстік Қазақстан облысының су қоймаларында адамдар өмірін қорғауға ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

11.1. Осы ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік және материалдық жауапкершілік белгіленеді.

11.2. Осы ережелердің талаптарын орындауға бақылау жасау жергілікті атқару ұйымдарына төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық басқармаға және облсукұтқару қызметіне жүктеледі.

11.3. Алматы облысының су қоймаларында азаматтарды сақтандырудың Міндетті ережелерінің орындалуын бақылау жөніндегі жүзеге асыру үшін облсукұтқару қызметіне төмендегідей құқықтар беріледі:

- меншіктің барлық түріндегі ұйымдарға судағы қауіпсіздік талаптарын және нормативтік-құқықтық, нормативтік-техникалық актілерді сақтау шараларын

бұзу фактілері бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар жіберу:

- көпшілік пайдаланатын су нысандарына, судағы көлік құралдары мен өткелдерге шарт негізінде техникалық куәландырулар жүргізу, оларды пайдалануға тыйым салу, қауіпсіздік ережесін бұзған жағдайда азаматтарға меншіктің барлық түріндегі ұйымдар мен кәсіпорындарға белгіленген тәртіппен әкімшілік шара қолдану:

- судағы төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған шараларға талдау жасау және орындау жөніндегі меншіктің барлық түріне жататын ұйым, кәсіпорындардың ведомстволық құтқару стансалары мен қызметіне бақылау жасау:

- күшті дауыл қарсаңында және суда жүзуге арналған аудан шекарасынан шығып кеткенде немесе спортшылар жаттығуға катер не моторлы қайықсыз шығып кеткенде барлық шағын кемелерді айлаққа қайтару құқы беріледі.

11.4. Облсудан құтқару қызметі өкілдерінің судан сақтандыру шаралары туралы нұсқаулары: жағажай, демалыс базалары, және басқа да су нысандары әкімшіліктері үшін: соларды пайдаланушы барлық азаматтар үшін: шағын кемелерді жүргізушілер үшін, сондай-ақ меншіктің балық түріне қарамастан заңды тұлғалар мен кәсіпкерлерге және жеке тұлға құрмастан басқа қызметпен айналысатын адамдарға міндетті.

N 2 қосымша

Солтүстік Қазақстан облыстық Мәслихатының 1998 жылғы 30 қазандағы 19/5 шешімімен бекітілген

Азаматтарды су қоймаларында сақтандырудың "Міндетті ережелерінің" бұзылуы туралы Хаттама-қаулы "___"_____199_ж _____

_____ хаттаманы жасаушы органының атауы _____

_____ /аты-жөні, қызметі/ _____

_____ / құқық

бұзылған жер/ _____

_____ /ереже пункттеріне сілтеме жасай келе құқық бұзулар мазмұны/ _____

_____ Құқық бұзушының

түсініктемесі _____

_____ Құқық бұзушы туралы мәлімет 1. _____

_____ /аты-жөні,

қызметі/ 2. _____

/мекен-жайы, телефоны/ 3. _____

_____ / ұйымның атау, телефоны/ 4. Есепшот _____ банк

_____ Акт жасаушылардың қолы _____

_____ 5. "___"_____199_ж. сағатта әкімшілік комиссиясына келуі

міндетті. 6. Хаттамамен таныстым _____

/ қағазды қиятын жер/ Әкімшілік комиссияның шешімі: Облыстың су қоймаларында азаматтарды сақтандырудың міндетті ережелерін баптарын бұзған үшін _____ /аты-жөні, әкесінің аты/ _____ теңге көлемінде айыппұл. Айыппұл _____ есепшотына _____ қалдырылмай төленсін Қаулы хаттамасын алдым _____ / қолы/ Облыстық су қоймаларында азаматтарды сақтандырушының. Міндетті ережелерін бұзғаны үшін айыппұл алу жөніндегі Хабарлама Облыстық судан құтқару қызметіне _____ /аты-жөні/ 199_ж. "___" _____ /аты-жөні, жұмыс орны/ айыппұл салынады _____ теңге көлемінде _____ есепшотына енгізіледі Әкімшілік комиссиясының хатшысы